

## Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның кейбір мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1238 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 621 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 621 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы N 203 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 6, 52-құжат) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

1) Қазақстан Республикасында жерүсті телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Сұлтанов - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Қуаныш Сұлтанұлы Сенаты Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі  
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Бурлаков - Қазақстан Республикасы Парламентінің  
Леонид Николаевич Сенаты Өңірлік даму және жергілікті  
өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі  
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Нығматулин - Қазақстан Республикасының Парламенті  
Ерлан Зайроллаұлы Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)

Қосынов - Қазақстан Республикасының Көлік және  
Алмас Олжабайұлы коммуникациялар министрлігі Аэроғарыш  
комитетінің төрағасы

Аманшаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ермек Әмірханұлы вице-министрі

Гамарник - Қазақстан Республикасының Білім және  
Геннадий Николаевич ғылым бірінші вице-министрі  
Жаңбыршин - Қазақстан Республикасы Қорғаныс  
Қозы-Көрпеш Есімұлы министрінің қаржы және экономика  
жөніндегі орынбасары  
Петров - Қазақстан Республикасының Төтенше  
Валерий Викторович жағдайлар жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары

мына:

"Ақпенова - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат  
Раушан Төлеқызы және қоғамдық келісім министрлігінің  
Бұқаралық ақпарат құралдары департаменті  
Телерадио хабарларын тарату басқармасының  
бастығы, хатшы"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Ақпенова - Қазақстан Республикасы Ақпарат  
Раушан Төлеқызы министрлігінің Бұқаралық ақпарат  
құралдары департаменті Телерадио  
хабарларын тарату басқармасының бастығы,  
хатшы"

2) 2 және 3-тармақтардағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Ақпарат" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Қоса беріліп отырған Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.**

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3      ж ы л ғ ы      5      ж е л т о қ с а н д а ғ ы

№      1 2 3 8      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

Осы Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 ақпандағы № 203 қаулысымен құрылған Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның қызметін регламенттейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Телерадио хабарларын таратуды дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.01.31 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Комиссия телерадио хабарларын тарату саласындағы қоғамдық мүддені есепке алу және қорғау, сондай-ақ халықтың теле-, радиоарналарға қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында құрылды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

3. Комиссияның қызметі өзінің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау және шешу кезінде айқындылық және ашықтық негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

3-1. Комиссияның құрамы Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, телерадио хабарларын тарату саласы мен үкіметтік емес ұйымдар (келісім бойынша) өкілдерінің арасынан қалыптастырылады.

Ескерту. 1-бөлім 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдерін, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері, функциялары және құқықтары**

5. Комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары:

1) Қазақстан Республикасында біртұтас ақпараттық кеңістікті қалыптастыру және телерадио хабарларын таратуды дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

2) телерадио хабарларын тарату жұмысы үшін бөлінетін радиожилік спектрін пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар әзірлеу;

3) телерадио хабарларын тарату саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу;

4) көпарналы хабар таратуда еркін қолжетімді теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және жеңімпаздарды айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

5) көпарналы хабар таратуда міндетті теле-, радиоарналардың тізбесін қалыптастыру бойынша конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және жеңімпаздарды айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

6) телерадио хабарларын тарату мақсаты үшін жиілік жолақтарын, радиожиліктерді (радиожилік арналарын) бөлу жөніндегі конкурсқа қатысуға үміткерлердің өтінімдерін қарау және олардың техникалық және қаржылық ұсыныстарын ескере отырып, жеңімпаздарды айқындау жөнінде ұсынымдар әзірлеу ;

7) ұлттық операторды тыңдау қорытындылары жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

8) телерадио хабарларын тарату саласындағы заңнаманы сақтау мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.**

6. Негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін Комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан Комиссияның құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты сұратуға;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне Комиссияның қызметін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

3) қажет болған жағдайда, өз жұмысына мемлекеттік органдардың мамандарын тартуға;

4) заңнамаға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

### **3. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру**

7. Комиссияның төрағасы және дербес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

Комиссияның мүшелері отырыстарға ауыстыру құқығынсыз қатысады.

8. Комиссияның төрағасы немесе оның орынбасары төрағалық етуші болып табылады.

9. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кем дегенде жарты жылда бір рет өткізіледі.

Комиссияның отырыстары оның мүшелерінің кем дегенде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда болып өтті деп саналады.

10. Комиссияның мүшелері:

- 1) Комиссия отырыстарының күн тәртібіне ұсыныстар енгізуге;
- 2) отырыстарда сөз сөйлеуге және енгізілген ұсыныстар бойынша дауыс берудің өткізілуін талап етуге;
- 3) Комиссияның материалдарымен танысуға және олардың көшірмелерін алуға құқылы.

11. Комиссияның жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

12. Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берген болса, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етушінің даусы шешуші болып саналады.

13. Қажет болған жағдайда, Комиссияның шешімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының нормативтік құқықтық кесімдерін қабылдау үшін ұсынылуы мүмкін.

14. Комиссия отырыстарының хаттамаларын оның жұмыс органы ресімдейді және қол қойылғаннан кейін Комиссия мүшелеріне таратылады. Қажет болған жағдайда Комиссия шешімдерінен үзінді көшірмелер мүдделі мемлекеттік және өзге де органдарға жіберіледі.

15. Комиссияның жұмыс органы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен қажет материалдарды дайындауды жүзеге асырады және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

16. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті болып табылады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 755 Қаулысымен.**